

ӨОЖ 82/821(100-87)
ҒТАХР 17.07.41
DOI 10.56525/DTJJ8644

АНТИКАЛЫҚ МОТИВТЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ

ҚОБЛАНОВ Ж.Т.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті Ақтау қ.
E-mail: zholaman.koblanov@yu.edu.kz

***КАРИМСАҚОВА Б.А.**

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті Ақтау қ.
E-mail: baktigul.karimsakova@yu.edu.kz

***Корреспондент авторы: baktigul.karimsakova@yu.edu.kz**

Аннотация. Қазіргі дәуір әдебиетіндегі көркемдік формалар мен әдіс тәсілдердің көпшілігі архаикалық түсініктердің негізінде қалыптасқан. Адамзат өркениетінің, мәдениетінің, әдебиетінің негізгі бесігі – Шығыс елдері болған. Шығыстық ренесанс антикалық ренесансқа қарағанда ерте басталды. Шығыс ренесансы антика әлеміне - мәдениетіне, әдебиетіне, өнеріне әсер еткен.

Миф – адамзат мәдениетінің базистік феномені, адам баласының ең ерте заманғы ұғым-түсініктерінің, дүниені танып білу ой-өрісінің өте ерте ескі көрінісі. Сондықтан да ол – ескі сана көрінісі. Мақалада жалпы мифтердің танымдық табиғаты, оларды классификациялау мәселелері тұрғысында айтылған пікірлер сарапталып, пайымдалады. Антика мәдениеті мен әдебиетінің адамзат қоғамында алатын орны ерекше екендігі анық. Мақалада антика жайлы жалпы түсінік бере отырып, оның қазақ әдебиетіндегі орны айқындалады. Ежелгі мотивтердің шығыс халықтарының мұраларында да мол кездесетіндігі нақты шығармалардан дәлелдер келтіріліп сараланады. Антикалық әдебиет пен қазақ халқының әдеби ескерткіштері туралы зерттеулерде жалпылама салыстырулар болғанымен, оның қайнар бұлағы Шығыста, қазақ халқының көне әдеби нұсқаларында деген тұжырымның алға шығуы толықтай анықталып болмағаны белгілі.

Сондықтан мақалада ежелгі мотивтердің қазақ әдебиетінің мол мұраларында көп кездесетіндігін, оның антикалық мотивтермен ұқсас бейнелік, сюжеттік үндестіктерінің бар екендігін жүйелі түрде пайымдалады, анықталады.

Түйінді сөздер: антика, мифтік мотив, мифология, фольклор, наным, сенім, сана, кейіпкер, қаһарман.

Кіріспе. Ұзақ дәуірлер бойы қазақ жері түрлі саяси, әлеуметтік, мәдени және әдеби байланыстардың мекені болды. Көне замандарда елдердің шекарасы қазіргідей болған жоқ, сол себепті ежелгі адамдардың таным-түсініктері де жеке бір халықтың басыбайлы меншікті рухани дүниесі болмайтыны анық. Байырғы түсінік бүгінгі таңдағы грекке де, қазаққа да, басқа халықтарға да ортақ болғандығы даусыз. Тарихи-мәдени қарым-қатынастардың нәтижесінде көне сюжеттер мен образдар бір елден екінші елдің шығармаларына еніп отырған. «Жер жүзіндегі жұрттардың шығармалары бір-біріне ұқсас келеді. Ондай ұқсас болатын себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көргені, өнегесі, үлгісі бір болған. Ол уақытта қай халықтың болса да, табиғат бауырында болып, табиғат тауқыметінде тұрып, табиғат қабағына қарап, өмір шеккен» - деп Ахмет Байтұрсынов, ежелгі халықтар түсініктерінің ортақ болғандығы туралы ойын қорытындылайды [1].

Еуропадағы жазба әдебиеттің алғашқы үлгілері Грекия жерінде пайда болды. Осылайша, біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда ол Рим мәдениетінің қалыптасып, дамуына негіз болды. Ежелгі халықтардың мәдениеті мен әдебиетін «антика» (көне) дәуіріне жатқызамыз. «Антика» (antigus) сөзі латын тілінен аударғанымызда «ежелгі», «көне» деген мағынаны білдіреді. Ежелгі рим және грек әдебиеті антикалық әдебиетке жатады. Дегенмен антикалық дәуір жәдігерліктерінің көбі сақталмаған, сақталғандарының ішінде біздің дәуірімізге толық жеткендері өте аз. Грек әдебиетінің ежелгі нұсқаларынан біздің заманымызға дейін жеткен ескерткіштер – Эсхил, Софокл, Еврипид пен Аристофан шығармалары ғана.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеудің материалы ретінде отандық және қазақ ғалымдарының еңбектері, шығармалары алынды. Мақаланы жазу барысында теориялық материалды жинау, мәтін талдау, саралау, салыстыру әдіс-тәсілдері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. Ежелгі дәуірдегі грек қаламгерлері мифологиялық сипаттарды ерлік пен адамгершілікті дәріптеп, таныту, насихаттау бағытында өз шығармаларына арқау етті. Эсхилдің «Орест» трилогиясы, «Бұғауланған Прометей» трагедиясы, Софоклдың «Эдип патша», «Антигона», «Электра» трагедиялары, Еврипидтің «Ипполит», «Медея» трагедиялары бұған дәлел дер едік. Мифтік мотив, мифологиялық дүниетаным грек классикалық әдебиетінің ең басты сипаты, ең маңызды ерекшелігі.

Антик дәуірлерден жеткен ежелгі түркілік жазба әдеби жәдігерліктердегі мифтік мотивтерді VII-VIII ғасырлардағы құнды мұралар – Орхон жазба ескерткіштерінен көреміз. Осы әдеби мұралар ежелгі түркі қағанатының тарихын, экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайымен бірге, қағанат құрамындағы ру-тайпалардың наным мен сенімінен, жалпы алғанда түркілік мифологиядан мол хабар береді.

Антика әдебиеті дегенде ғылымда грек, рим әдебиетін тану қалыптасқаны белгілі. Мұндай түсініктерден ең көне, ілкі әдебиет грек-рим әдебиеті деген түсініктердің тумауы тиіс. Өйткені, ең ежелгі, ілкі әдебиет Бабыл, Мысыр және көне шығыс әдебиетінде де болғаны мәлім. Ежелгі дәуірдегі грек-рим әдебиеті бұған дейінгі бабыл, мысыр әдебиетінің озық үлгілерін, жетістіктерін пайдаланып, өз әдебиетіне сіңдіріп отырғаны анық. Бұл халықтардың алғашқы әдеби жәдігерліктеріндегі антикалық мотив, сюжет, бейнелердің басқа да елдерге ортақ болғандығы дәлелденген.

Антикалық әдебиетті грек-рим әдебиетімен байланыстырғанымен, Шығыс елдері өркениет пен мәдениеттің негізгі бесігі болғандығы анық. Грек-Рим әдебиетінің байырғы үлгілері мол сақталып, әлемдік әдебиетте бүгінге дейін қайталанбас, озық дүниелер болып отыр. Ежелгі грек ақыны Гомердің «Илиада» мен «Одиссея» поэмалары бұған дәлел [2]. Бүгінгі күнге дейін халқымыздың фольклорлық санасында сақталған антикалық әдебиетпен үндес мотивтерге зерттеулер жүргізілгенімен, әлі де тылсым боп, толық танылмай тұрған жақтары жеткілікті. Миф – алғашқы қоғамдық сананың негізгі формасы сипатында өзінің ішінде келешекте дүниеге келетін дін, саясат, өнер, мораль сияқты құбылыстардың белгілерін өз бойында сақтайды. Мифте табиғат пен адамның бірлігі, өзін қоршаған ортаны айқын антропоморфизациялау, табиғаттағы заттар мен құбылыстардың адам секілді жаны, сезімі, ойы бар деген түсініктер жатыр.

«Адамзат ұрпағының бала, балғын кезеңінде олар жаратылыстың тылсым сырларын білмеді, табиғаттың алдында өздерінің әлсіздігін, дәрменсіздіктерін сезді. Сол себепті отқа, күнге, найзағайға, тағы да басқа дәл сол сияқты қорқынышты табиғат құбылыстарына сыйыну, оларды құдай санап табыну белең алды. Сол әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жоралғылардан соң аңыз-әңгімелер, мифтер, фольклорлық туындылар пайда болды» [3].

Миф – нақты бір болған тарихи уақытта, нақты бір белгілі географиялық кеңістікте, нақты бір саяси-мәдени, әлеуметтік, шаруашылық жағдайларында өмір сүріп жатқан адамзат қоғамының сол орта жайлы, ғалам жайлы, оның қалай, неге пайда болғандығы, адамзат жайлы, оның не себепті пайда болғандығы, адамға әсер ететін сыртқы-ішкі күштер

жайлы, сол қоғамның қоршаған ғаламдағы орны, дәрежесі жайлы түсініктерінің жиынтығы [4].

Қазіргі қазақ әдебиеті теориясы мектебінің негізін қалыптастырған әдебиетші ғалым, белгілі академик Қабдолов Зейнолла ағамыз өзінің «Сөз өнері» монографиясында мифті шағын, кішігірім көлемдегі эпикалық туындылардың қатарына жатқызады. Осы еңбекте мифке төмендегідей анықтама берілген:

«Миф – табиғат сырларын, қоғам не адам өмірінің әртүрлі құпиясын қиял-ғажайып сюжетке, оқиғаға айналдырып бейнелейтін таңғажайып баян. Бұл ежелгі халықтардың бәрінде бар дүние».

Мифтің бас кейіпкерлері – құдайлар, әр алуан сиқырлы, тылсым кереметтер, батырлар. Олардың әрқайсысы адамды таң қалдырарлықтай қызық, соншалықты тартымды сюжетке құрылады. «Миф – «адамзаттың сәбилігі жайлы» шежіре, онда мұның біздерге таным тұрғысындағы маңызы мен мәні де үлкен» [5].

Қазақ мифологиясына талдау жасаған «Арғықазақ мифологиясы» еңбегінде зерттеуші Серікбол Қондыбайұлы миф жайлы өзінің мынадай пікірін білдіреді: «Миф деген сөзді жұрт екі түрлі, біріне – бірі кереғар келетін мағынада түсінеді. Баспасөз беттерінде осы «миф» деген сөздің «ертегі сияқты, яғни өтірік, жалған, ойдан шығарылған қиял» мағынасында берілгенін байқаймыз. Ал шындығында «миф» деген сөздің нақты мағынасы осы келтірілгендерге қарама-қарсы.

Ал әдебиеттану сөздігінде мифке мынадай анықтама беріледі: «Миф – халық шығармашылығының өте ертеден қалыптасқан ең көне жанрларының бірі. Миф алғашқы қауымдық қоғам адамдарының дүние туралы, әлемге әмір етер сыртқы күштер, яғни құдайлар мен рухтар образдары туралы және табиғаттан тыс құбылыстар мен оқиғалар жөніндегі түсінігі, сонымен қатар осылар жайындағы қалыптасқан мифтер» [6].

Яғни миф – алғашқы қауымдық қоғамда өмір сүрген адамдардың дүние, әлем туралы сәби танымының көрінісі. Ғылымда мифке, мифологияға берілген анықтамалар мол және өте ауқымды. Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі мифтік жанрлар туралы фольклор зерттеуші ғалым С.Қасқабасов: «Стадиялық жағынан келгенде, қазақ мифі – алғашқы қауымға және австралиялықтар мен африкалықтар, солтүстік азиялықтар мен американдықтардың көне мифі мен антикалық Греция, Рим мифтерінің арасындағы аралық жанр», - дейді» [7].

Әрине, мифтер қазақ ғалымдарының зерттеулерінде жеткілікті дәрежеде көп қарастырылды. Олар тұңғыш қазақ ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтан бастап, Ә. Қоңыратбаев, Ә. Марғұлан, Е. Тұрсынов, Р. Бердібай, О. Сүлейменов сияқты ғалымдар болып табылады. XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялысы, ұлт ұстазы, әдебиеттанушы Ахмет Байтұрсынов та миф жайлы өзінің тың ойларын айтып, қазақ мифтерінің өзіндік ерекшеліктерін айқындап, маңызды зерттеулеріне негіз етті.

Ахмет Байтұрсыновтың пікірінше, мифтер ең алдымен табиғатта болып жататын түрлі өзгерістердің (жел, дауыл, күн күркіреуі, күн тұтылуы, құйынның соғуы, т.б.) әрқайсысының тасасында соны істеуші иесі бар деп түсінген алғашқы адамзаттың табиғат құбылысын танымаған халде шығарған ертегі сияқты әңгімелері, ертегілері.

Табиғаттағы құбылыстардың иесі (күн иесі, тау иесі, жел иесі, су иесі, көл иесі, су иесі т.с.с.) болады дейтін ежелгі мифтерді фольклортанушы-ғалым С.Қасқабасов ілкі қауымда туған рух-иелік көне мифтерге жатқызады. Ежелгі наным-сенімдерге негізделген фольклордың кейбір алғашқы жанрлары мифтік сенім мен наным негізінде пайда болған.

Олай болса әдеби жүйеміздегі мифтік саладағы зерттеулер, бір жағынан алып қарағанда, сол фольклорлық әдебиет үлгілерімен тығыз байланысты болса, екінші тарапынан, мұның астарында көп сырлардың жасырынып жатқандығын, оның түбегейлі зерттеу кезінде ғана ашылатындығын байқаймыз.

Ежелгі қоғамдағы адамзат санасында орын алатын алғашқы миф туралы Ш. Уәлиханов былай деген еді: «Жаратылыс пен адам! Міне, осы жаратылыс пен адам керемет. Олардың сыры неде болмақ? Әлемді, оның кереметтерін білудің қажеттігі, өмір мен өлім туралы мәселе және адамның жаратылысқа қатынасы шамадан тыс туғызды – әлемді немесе

жаратылысты және өлген адамның рухын ұлы көруді туғызды. Осылайша келіп, сәбилік дәрежедегі адамдар күнді, айды, жұлдыздарды және жаратылыс немесе әлем деп атайтын ұшы-қиыры жоқ, мәңгі жасайтын әрқилы құбылыстардың бәрін зор тұтатын болды.

Әр халық өзінің әдеби бастауларын ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілерінен алады. Демек, ең бірінші қалыптасқан әдеби үрдістің көркем түрін біз фольклорлық шығармалардан табамыз. Фольклор мен оның сансыз көп салалары тұтас бір ұлттың сөз өнерінің бір жүйеге түсуіне әсер етеді».

«Алға қойылған мақсат – шығыстық ренесанстың антикалық ренесансқа қарағанда ерте басталғанын, антика әлеміне - мәдениетіне, әдебиетіне, өнеріне әсер еткенін, бір сөзбен айтқанда, еуропацентристік көзқарасқа жаңаша ой дарытуға бағыттаған» [8], - дейді ғалым М. Иманғазин.

Мифті білгенімізде де, білмегенімізде де ештеңе жоқ сияқты көрінеді. Дегенмен ауыз әдебиетіндегі майда-шүйде болып көрінетін жайттарға үңілу жауап туғызбағанмен сұрақтар туғызуы сөзсіз. Міне осыларды дұрыс пайымдап, талдау негізінде бүгінгі қаймана қазақтың тәнінде, түйсігінде, қанында орын алып, әйтседе әрекет жасауға дәрмені жетпей отырған «мәңгі («басқа») қазақ» - «арғықазақтың», немесе «ішкі қазақтың» сенімі мен танымын оятар едік. Адам баласы өзгере отырып та өзгермейді (яғни өзімен-өзі жалғыз қалып отыр), сол себепті өркениеттерге және өткен шаққа деген салғырттық, менсінбеушілік, үстірттік ендігі жағында болмауы тиіс. Ата-бабамыздан қалған таңғажайып құнды дүниеге бет түзейтін уақыт болды. Мифке қайта оралатын, өзгеше қарайтын сәт келді.

Мифологиялық бейнелер деп отырғанымыз - мифтік кезеңде өмір сүріп, мифтік дүниедегі нәрселерді жасайтын, тіршіліктің барлығын туғызушы тылсым күш ретінде бейнеленген кейіпкерлер.

Ежелгі грек әдебиеті діннің даму сатысының ең бір шарықтау шегіндегі мифологияға өте жақын келеді. Қоғамның кешіккен, дамудың саябырсыған тұсындағы көне антропоморфтық политеизм (адам мінезі мен келбетіне сай көпдінділік) кезеңінде шексіз мифтік һәм құдайлар туралы шығармашылыққа нағыз еркіндік берген дәуірге жүгінеді.

Табиғатты барлығынан жоғары қою, құрмет тұту ежелгі түркі халықтары мифтерінде маңызды орын алады. Шоқан Уәлиханов шамандық жайлы айта отырып, оның тууы табиғатқа жеке және жалпы сыйынумен байланысты дейді. Табиғаттағы құбылыс пен зат атаулы адамзат секілді тіршілік етеді, түйсінеді деген түсініктің өзі рух пен табиғатты тең деп ұғу сенімімен туған. Ежелгі түркі мифологиясының тағы бір ерекшелігі – аруаққа, рухқа сыйыну, олардан жәрдем күту, медет тілеу. Ежелгі түркі жұртының қасиетті қара шаңырағындағы қазақтардың рухқа, аруаққа сыйыну, табыну сенімі жайлы Шоқан Шыңғысұлы «Тәңірі» (Құдай), «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» еңбектерінде сөз қозғайды. «Аруақ – ата-баба рухы, басқа қиын-қыстау іс түскенде, жан қиналғанда: «Аруақ, қолдай гөр, қолтығымнан демей гөр» деп айтады... Аруақтардың рухы бар деп, ескі жұртты баспайды» [9]. Әрі қарай Шоқан аруақтар құдіретті тылсым күш иелері сипатында тірілерге жәрдемдеседі деген сенім негізінде оларға бағыштап құрбандық шалынатынына ерекше тоқталады. Мықтылар мен ұлықтар о дүниеге аттанғаннан кейін құдіретті, қасиетті аруаққа айналады. Міселен, Баба шашты түкті Әзиз – көзі тірісінде қасиетті, киелі әулие ретінде жасаған жан. Аруақтарға табыну ежелгі сақ дәуірінде туып, қалыптасқан наным. «Жерлеу жабдықтарына қарағанда, ежелгі сақтарда ата-баба рухына, аруағына, рулық-отбасылық желеп-жебеушілерге, әулиелерге сыйыну дәстүрлері болған». Аруақтың қаһарынан қорқу, оларды құрмет тұту бүгінгі күнге дейін сақталған наным.

«Адам ішкі рухани қасиеттерін анық тану үшін өзінің айналасын рухтандырып, осы арқылы өздерін білуге, тануға жол ашты. Осыны ғылымда антропоморфизм деп атаймыз. Антропоморфизм (гректің - «түр, форма» және «адам» деген сөздерін білдірген) өсімдіктер мен хайуанаттарға және табиғаттың басқа да түрлі құбылыстарына адам қасиеттері мен кейпі тән деп түсінетін көне заманнан бері келе жатырған түсінік. «Антропоморфизм» дегеніміз мифология дамуының ең кейінгі сатысы болып саналады. Алғашқы, бастапқы

сатысы – зооморфизм (мұнда адамдар өзінің ататектерін жануарлардан, хайуанаттардан таратқан). Жартылай аң, жартылай адам бейнесіндегі құбылыстардың көркем бейнеге айналуында гнесеологиялық мағына, мән бар. Кентавр, төбекөз (циклоп), су перісі (русалка), кентавр осыған дәлел бола алады.

«Сана болмысы» атты еңбегінде Ғарифолла Есім: «Құдайлардың мұндай тізімі уақыттың өтуімен, көршілес жатқан елдердің культтері және мифтердің ықпалынан көбейе түседі һәм олардың осы түс-тұрпаты, атрибуттары мен аттары, белгілері, атқаратын нақты қызметтері, орын ерекшелігі мен қоғамдық әлеуметтік сілкіністерден өзгеріске ұшырап отырады», - деп бұл мәселе туралы өз ойларын білдірді [10].

Қорытынды. Қаһармандар қатарының өте биікте көрінуі мен мифтердің сюжеті һәм осы көріністің сол күйінде қалуына ақсүйектер, билік өкілдері барынша қолдау көрсетті.

«Сәл дамытылған мұндай мифологияда алғашқы ұрпақ - тәңіриелер, одан кейінгі ұрпақ - алыптар (албастылар, ергежейлілер), соңғы ұрпақ - адамдар» деп Серікбол Қондыбай «Гиперборея: түс көрген заман шежіресі» деген кітабында нақты атап өтеді.

«Жалпы осындай әлемдік мифологиядағы «ұрпақтар» жалғастығы былайша келтіріледі:

Бірінші ілкі ұрпақ - тәңіриелер яғни құдайлар ұрпағы. Мұны «Түп - ана» дәуірі (кезеңі) деп атайды. Олар әншейінде бір болмаса екі тірі пендеден тарайды.

Екінші ежелгі ұрпақ - «аралық яки орта ұрпақ» - ергежейлілер, құбыжықтар, алыптар һәм тағы да басқа сол сияқтылардың ұрпақтары. Осы ұрпақтың баяндалуы тұрақсыз, себебі алыптар кейбір ежелгі мифтерде құдайлардың қатарына қосылғанымен, құдайлардың кейбіреулері сол «аралық яки орта ұрпаққа» енгіледі. Үшінші яки соңғы ұрпақ адамдар болып саналады.

Гесиодтың немесе Гомердің дастандарындағы құдайлар ғаламды жаратушы емес, олардың өздері де адамзат сияқты секілді деп көрсетіледі. Гректердің алғашқы натурфилософтары көне мифологияға жүгіну нәтижесінде өздерінің космогониялық теорияларын ойлап шығарады. Натурфилософтардың түсініктеріне жүгінсек қозғалыс, материя мен кеңістікті мифологияда Эрос (махаббат), Гея (жер) және Хаос жаратқан деп келтіреді. Қазақ ауыз әдебиетінде де мифологиялық қаһармандар мол кездеседі. Оларды өзінің шығу мезгілі мен тегіне, іс-әрекетіне, болмысына байланысты мынадай топтарға жіктейді. Алғашқысы - архаикалық (ілкі) мифте суреттелетін көне ата және жасампаз кейіпкер. Кейінгі топтағы қаһармандар - қастандық ойлаушы жауыз албасты, жезтырнақ, жалғыз көзі бар дәу, қаһарлы айдаһар сияқтылар. Бүгінгі күнге дейін халықтың ұғымында жезтырнақ, албасты, жалғыз көзі бар дәу, зұлым күлдіргіш сияқты кейіпкерлер ескі мифтен туған хикаялар мен аңыздарда, жалмауыз (мыстан) кемпір мен айдаһар көбіне көне ертегілерде ғана болады дейтін түсініктер бар. Сонымен бірге дию, шайтан, пері тәрізді көне заман қаһармандары да қазақ әдебиеті мұраларында мол ұшырасады. «Арғықазақ мифологиясы» деген бірнеше томдық еңбегінде зерттеуші Серікбол Қондыбай осындай қаһармандарды жіктей отырып, осылардың қайдан пайда болғандығын, халықтың таным-түсінігіне қалай енгендігін саралап, зерттеп көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1]. Ахмет Байтұрсынұлы.- Алматы: «Шапағат-Нұр» баспасы, 2013 -368 б.
- [2]. Қобланов Ж. Антикалық әдебиет. - Алматы: Nur-Press, 2018. – 259 б.
- [3]. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991. - 288 б.
- [4]. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы.1-кітап. Алматы: Арыс, 2008. – 528 б.
- [5]. Қабдолов З. Сөз өнері, Алматы: Қазақ университеті 1992. – 352 б.
- [6]. Әдебиеттану терминдер сөздігі / құраст. З. Ахметов . - Алматы : Ана тілі, 1996. - 240 б.
- [7]. Қасқабасов С. Жаназық, Астана: Аударма, 2002. – 584 б.

- [8]. Иманғазинов М. Қазақ және антика әдебиеттеріндегі сюжеттік үндестіктер. - Алматы: Қазақ университеті, 2008. -288 б.
- [9]. Уәлиханов Ш. Көптомдық шығармалар жинағы 4-том. - Алматы: «Толғағай групп», 2010. – 496 б.
- [10]. Есімов Ғ. Сана болмысы. 10-кітап. Алматы : Қазақ университеті, 2007. - 330 б.

REFERENCES

- [1]. Ahmet Baitürsynuly.- Almaty: «Şapağat-Nür» baspasy, 2013 -368 b. [in Kazakh]
- [2]. Qoblanov J. Antikalyq ädebiyet. - Almaty: Nur-Press, 2018. – 259 b. [in Kazakh]
- [3]. Qoñyratbaev Ä. Qazaq föklorynyñ tarihy. Almaty: Ana tılı, 1991. - 288 b. [in Kazakh]
- [4]. Qondybai S. Arğyqazaq mifologiacy.1-кітап. Almaty: Aryc, 2008. – 528 b. [in Kazakh]
- [5]. Qabdolov Z. Söz öneri, Almaty: Qazaq universiteti 1992. – 352 b. [in Kazakh]
- [6]. Ädebiettanu teriminder sözdıgı / qūrast. Z. Ahmetov. - Almaty : Ana tılı, 1996. - 240 b. [in Kazakh]
- [7]. Qasqabasov S. Janazyq, Astana: Audarma, 2002. – 584 b. [in Kazakh]
- [8]. İmanğazinov M. Qazaq jäne antika ädebietterindegi ciujettik ündectikter. - Almaty: Qazaq yuniverciteti, 2008. -288 b. [in Kazakh]
- [9]. Uälihanov Ş. Köptomdyq şyğarmalar jinağy 4-tom. - Almaty: «Tolağai grupp», 2010. – 496 b. [in Kazakh]
- [10]. Esimov Ğ. Sana bolmysy. 10-кітап. Almaty: Qazaq universiteti, 2007. - 330 b. [in Kazakh]

Кобланов Жоламан Таубаевич

*кафедра «Казахской филологии», и. о. профессора, кандидат филологических наук
Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова, Актау, Казахстан*

Каримсакова Бактигул Абдимухановна

*кафедра «Казахской филологии», и.о. ассоциированного профессора, кандидат
филологических наук
Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова, Актау, Казахстан*

АНТИЧНЫЕ МОТИВЫ И КАЗАХСКИЙ ФОЛЬКЛОР

Аннотация. Большинство художественных форм и стилей современной литературы основаны на архаичных текстах. Главным оплотом человеческой цивилизации, культуры и литературы были страны Востока. Восточное Возрождение началось раньше, чем Древнее Возрождение. Восточный ренессанс оказал влияние на античный мир - его культуру, литературу и искусство.

Миф — это базовое явление человеческой культуры, очень раннее проявление самых ранних современных представлений и способов познания мира. Поэтому миф – отражение древнего сознания. В статье анализируются и рассматриваются мнения, высказанные в контексте познавательной природы мифов и их классификации. Понятно, что культура и литература древности занимают особое место в человеческом обществе. В статье дается общий обзор античности и объясняется ее место в казахской литературе. Тот факт, что античные мотивы в изобилии встречаются в наследии восточных народов, представлен и обсуждается из реальных произведений. Хотя в исследованиях древней литературы и литературных памятников казахского народа есть общие выводы, известно, что вывод о том, что ее исток находится на Востоке, в древних литературных традициях казахского народа, до конца не разработан.

Поэтому в статье системно рассмотрено и определено, что древние мотивы часто встречаются в богатом наследии казахской литературы, что они имеют такую же образно-сюжетную динамику, как и античные мотивы.

Ключевые слова: античность, мифический мотив, мифология, фольклор, убеждения, вера, сознание, характер, герой.

Koblanov Zholaman Taubayevich

*Department of "Kazakh Philology", acting professor, candidate of philological sciences
Caspian University of Technology and Engineering. Sh. Esenova, Aktau, Kazakhstan*

Karimsakova Baktigul Abdimukhanovna

Department of «Kazakh Philology», acting associate professor, candidate of philological sciences, Caspian University of Technology and Engineering. Sh. Esenova, Aktau, Kazakhstan

ANTIQUÉ MOTIVES AND KAZAKH FOLKLORE

Abstract. Most of the artistic forms and styles of modern literature are based on archaic texts. The main stronghold of human civilization, culture and literature were the countries of the East. The Eastern Renaissance began earlier than the Ancient Renaissance. The Eastern Renaissance influenced the ancient world - its culture, literature and art.

Myth is a basic phenomenon of human culture, a very early manifestation of the earliest modern ideas and ways of knowing the world. Therefore, the myth is a reflection of the ancient consciousness. The article analyzes and examines the opinions expressed in the context of the cognitive nature of myths and their classification. It is clear that the culture and literature of antiquity occupy a special place in human society. The article provides a general overview of antiquity and explains its place in Kazakh literature. The fact that ancient motifs are found in abundance in the heritage of the Eastern peoples is presented and discussed from real works. Although there are general conclusions in the studies of ancient literature and literary monuments of the Kazakh people, it is known that the conclusion that its source is in the East, in the ancient literary traditions of the Kazakh people, has not been fully developed.

Therefore, the article systematically considers and determines that ancient motifs are often found in the rich heritage of Kazakh literature, that they have the same figurative and plot dynamics as ancient motifs.

Key words: antiquity, mythical motif, mythology, folklore, beliefs, faith, consciousness, character, hero.